

Салықтық және кедендік әкімшілендрудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 637 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5463 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 08.02.2018 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 645 (01.01.2016 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.07.26 № 373 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1. Бекітілсін:

1) мемлекеттік кірістер органдарымен есептелген салықтардың сомасы туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

2) тексеру нәтижелері туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

3) тарату салық есептілігін табыс еткен күннен бастап тарату салықтық тексеру аяқталған күнге дейінгі кезең үшін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық есептілігінің табыс етілмеуі туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

5) салық берешегін өтеу туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

- 6) дебиторлардың банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 7) камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдарымен анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 8) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органының шешіміне салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қараудың қорытындылары туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша";
- 9) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарын жою туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 10) салық төлеушінің орналасқан жерін (жоқтығын) растау туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 11) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы хабарландыру нысаны, осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 12) салықтық тексеру жүргізу туралы хабарландыру нысаны, осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 13) салықтық тексеру актісіне қорытынды нысаны, осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 14) камералдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды нысаны, осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 15) салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы немесе салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұрудан бас тарту туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 16) бақылауды тағайындау туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 17) бақылауды тағайындау туралы шешімге қосымша шешім нысаны, осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 18) салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер және салықтар, өсімпұлдар бойынша берешегінің есебіне мүлікке билік етуін шектеу туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
- 19) салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер және салықтар, өсімпұлдар бойынша берешегінің есебіне билік етуі шектелген мүлік тізімдемесі актісінің нысаны, осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

20) мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің (салық агентінің) кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі нысаны, осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

21) салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін өндіріп алу туралы қаулы нысаны, осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

22) тауар чегінің нысаны, осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

23) тауар чегі кітабының нысаны, осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

24) қолма-қол ақшаны есепке алу кітабының нысаны, осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

25) фискалдық есепті алу актісінің нысаны, осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

26) салықтық талап нысаны, осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

27) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарын жою туралы талап нысаны, осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

28) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарудан бас тарту туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

29) дебиторлардың банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

30) төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органының өкімі нысаны, осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

31) төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін өндіріп алу туралы қаулы нысаны, осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

32) салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер және салықтары, өсімпұлдары бойынша берешегінің есебіне мүлікке билік етуін шектеу туралы шешімінің және мүлік тізімдемесінің актісінің күшін жою туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 32-қосымшаға нысан бойынша;

33) қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

34) дара кәсіпкерлерге арналған арнаулы салық режимін қолдануға патент нысаны, осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

35) жеке табыс салығы мен мүлік жөніндегі декларацияларды электрондық түрде қабылдау туралы анықтама нысаны, осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

36) электрондық түрдегі салық есептілігін мемлекеттік кірістер органымен қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

37) салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

38) мемлекеттік кірістер органының салық есептілігін кері қайтарып алуға арналған шешім нысаны, осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

39) жеке табыс салығы мен мүлік жөніндегі декларацияларды қағаз жеткізгіште қабылдау туралы анықтама нысаны, осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

40) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

41) Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 29.03.2017 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

43) жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебінен шығару туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

44) бақылау-кассалық машинасын тіркеу карточка нысаны, осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

45) бақылау-кассалық машинасы пломбасының бүтіндігін бұзуға арналған мемлекеттік кірістер органының рұқсат нысаны, осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

46) импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту (өзгертуден бас тарту) туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

47) салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту (өзгертуден бас тарту) туралы шешім нысаны, осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

48) Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің салық органдарынан келіп түскен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштерден мәліметтерді мемлекеттік кірістер органымен алу туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

49) нұсқама нысаны, осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

50) қосымша нұсқама нысаны, осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

51) камералдық кедендік тексеру актісінің нысаны, осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

52) бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

53) кедендік төлемдер және салықтар, өсімпұлдар бойынша берешектерді өтеу туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

54) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік нысаны, осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

55) тексеру нәтижесі туралы хабарламаға немесе бұзушылықты жою туралы хабарламаға шағымды қарау қорытындысы туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

56) жеке тұлғалардың мүлік салығы, жер салығы және көлік құралы салығы бойынша салық берешегі туралы хабарлама нысаны, осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 05.12.2016 № 633 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2017 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы бұйрықтың 49-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін .

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік кірістер органы есептеген салықтардың сомасы туралы хабарлама

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____ № _____

(мемлекеттік органның атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасы Кодексінің 32 және 607-баптарына сәйкес

Сізге _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), мекен-жайы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

бюджетке мынадай салықтарды төлеудің қажеті туралы хабарлайды:

теңге

Салықтардың түрлері	Салық алу объектісінің орналасқан орны	Салық салу объектісі	Салық базасы	Бюджет жіктеуішінің коды	Ағымдағы жыл үшін сомасы ТБК төлемнің белгілеу коды) 991	Өткен жылдардың (-) бересі, (+) асыра төлеу ТБК (төлемнің белгілеу коды) 994	Өсімпұл ТБК (төлемнің белгілеу коды) 992	Төлеуге барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

үшін

(салық кезені)

Сізге 20__ жылдың "1" қазан айына дейін осы соманы төлеу қажет.

Осы хабарламада көрсетілген соманы мерзімінде төлемеген жағдайда Салық кодексінің 610-бабында белгіленген мөлшерде өсімпұл есептеледі.

Осы хабарламада көрсетілген мерзімде есептелген салық сомасын бюджетке төлемеген жағдайда, Сізді Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесі қаралатын болады.

Салық кодексінің 686, 687-бабына сәйкес Сіздің мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетін (әрекетсіздігін) мемлекеттік кірістер органдарының жоғары тұрған органына немесе Қазақстан

Республикасының Заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағым арыз беруінізге құқыңыз бар.

Мемлекеттік

органның басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым _____

_____ (салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ЖСН, қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге тапсырылды _____

_____ (мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге жіберілді _____

(жіберу және (немесе) алу деректі растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2008 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 637 бұйрығына 2-қосымша

Нысан

Тексеру нәтижелері туралы хабарлама

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 645 (01.01.2016 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____ № _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Салық кодексі) 607, 638-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 221-1-бабына сәйкес және

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

_____ 20__ жылғы "___" _____ тексеру актісі негізінде Сізге

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің)/тексерілетін тұлғаның тегі,

аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәләндіретін құжатта көрсетілсе), толық атауы))

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН) _____

1) _____

үшін

(тексерілген кезең)

салықтар, кедендік төлемдер және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдардың есептелген сомасы туралы:

теңге

р/с №	Бюджеттік жіктеу коды	Бюджеттік кодының атауы	жіктеу	Төлемнің, салықтың сомасы	Өсімпұл сомасы	Жиыны сома
1	2	3		4	5	6
1						
2						
3						
	Барлығы					

2) _____

үшін

(тексерілген кезең)

міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімпұлдардың есептелген сомасы туралы:

теңге

р/с №	Бюджеттік жіктеу коды	Бюджеттік кодының атауы	жіктеу	Төлемнің, жарнаның аударымдардың сомасы	немесе	Өсімпұл сомасы
1						
2						
3						
	Барлығы					

3) _____

үшін

(тексерілген кезең)

кемітілген залал сомасы туралы:

теңге

Залал сомасы

4) _____

үшін

(тексерілген кезең)

қайтарылуға расталмаған, бюджетке төленуге жатпайтын есептелген салық сомасынан есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып кету сомасы туралы:

теңге

Бюджеттік жіктеу коды	Бюджеттік жіктеу кодының атауы	Салық сомасы

5) _____

үшін

(тексерілген кезең)

бюджеттен қайтарылған және қайтарылуға расталмаған қосылған құн салығының асып кету сомасы туралы:

теңге

Бюджеттік жіктеу коды	Бюджеттік жіктеу кодының атауы	Салық сомасы	Өсімпұл сомасы

6) _____

үшін

(тексерілген кезең)

бюджетке төленуге жатпайтын, қайтарылуға расталмаған, резидент еместердің табыстарынан, төлем көзінен ұсталған корпоративтік (жеке) табыс салығының сомасы туралы:

теңге

Бюджеттік жіктеу коды	Бюджеттік жіктеу кодының атауы	Салық сомасы

Салық кодексінің 608 және 638-баптарына және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 221-2-баптарына сәйкес, Сізге осы хабарлама табыстаған күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

—, (Қазынашылық басқармасы, БСК)

БСН-і _____

— № _____

ШОТЫНА

— _____ көлеміндегі салықтарды, кедендік төлемдерді және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер мен өсімпұлдарды төлеу, сондай-ақ _____

— _____ көлеміндегі міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және өсімпұлдар сомаларын

— _____ "Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнына аудару қажет.

Мемлекеттік кірістер органдарының және оның лауазымды тұлғаларының талаптарын орындамаған жағдайда, Сізге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес әкімшілік өндіріп алу шаралары қолданылатын болады.

Салық кодексінің 638-бабы 6-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 221-2-бабының 6-тармағына сәйкес, салық төлеуші (салық агенті)/тексеруші тұлға тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, кедендік төлемдердің, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың есептелген сомаларымен келіскен жағдайда, салықтарды, кедендік төлемдерді, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша салықтық/кедендік міндеттемелердің, сондай-ақ өсімпұлдарды төлеу бойынша міндеттемені орындау мерзімдері төлеу кестесі қоса берілетін

салық төлеушінің (салық агентінің)/тексерілетін тұлғаның өтініші бойынша алпыс жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте көрсетілген сома бюджетке төлеу мерзімі ұзартылған әрбір күнге өсімпұл есептеле отырып төленуге жатады және осы кезеңнің әрбір он бес жұмыс күні сайын тең үлестермен төленіп отырады.

Тексеру нәтижелері бойынша есептелген акциз сомалары мен төлем көзінен ұсталатын салықтарды, сондай-ақ тексеру нәтижелеріне шағым жасалғаннан кейін тексеру нәтижелері бойынша есептелген салықтардың, кедендік төлемдердің, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың сомаларын төлеу бойынша салықтық/кедендік міндеттемелердің орындалу мерзімі ұзартылуға жатпайды.

Тексерілетін тұлға (кедендік өкіл) осы хабарламаны табыстаған күннен кейінгі күннен бастап, отыз жұмыс күні ішінде Салық кодексінің 666 және 667-баптарына және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 173, 174, 175-баптарына сәйкес оны шағымдауға құқылы.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы

(басшысының орынбасары) _____

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым _____

— (Салық төлеушінің (салық агентінің)/тексерілетін

тұлғаның Т.А.Ә., қолы, мөрі, күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне)/ тексерілетін тұлғаға табыс етілді _____

(Мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасының

Т.А.Ә., қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне)/тексерілетін тұлғаға жөнелтілді _____

— (жөнелту және (немесе) алғандығы фактісін растайтын құжат)

Ескертпе:

- 1) тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, осы хабарламаның тиісті тармақшалары көрсетілмейді;
- 2) салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объектісі бар заңды тұлғаға қатысты салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар сомасы есептелген

жағдайда, сондай сомаларды төлеу салық салу объектілерінің тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте көрсетілген сомаларды төлеу бойынша талап осы хабарламада бөлек көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
3-қосымша

Нысан

Тарату салық есептілігін табыс еткен күннен бастап тарату салықтық тексеру аяқталған күнге дейінгі кезең үшін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есепке жазылған сомалары туралы хабарлама

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____ № _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 607, 638-баптарына сәйкес және 20__ ж. " __ " ____ салық тексеруі актісінің негізінде

_____ (мемлекеттік органның атауы)

Сізді _____

_____ (салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), мекен-жайы)

_____ үшін салық және бюджетке төленетін басқа да (салық кезеңі)

1) міндетті төлемдердің, есептелген сомасы туралы хабардар етеді:
тенге

----- (төлемнің коды, атауы)	----- (төлемнің сомасы)
----- (төлемнің коды, атауы)	----- (төлемнің сомасы)
----- (төлемнің коды, атауы)	----- (төлемнің сомасы)
Жиыны	----- (төлемнің сомасы)

үшін

2) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген сомасы туралы хабардар етеді:

тенге

----- (төлемнің коды, атауы)	----- (төлемнің сомасы)
----- (төлемнің коды, атауы)	----- (төлемнің сомасы)
----- (төлемнің коды, атауы)	----- (төлемнің сомасы)
Жиыны	----- (төлемнің сомасы)

үшін

Салық кодексі 608-бабының 2-тармағына, 638-бабына сәйкес Сізге аталған соманы осы хабарлама тапсырылған (алған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде

(мемлекеттік органның атауы)

БСН-і _____ № _____

шотына

(мемлекеттік органның)

_____ төлеуіңіз қажет.

(Қазынашылық басқармасы, БСК)

Мемлекеттік кірістер органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңды талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға тарту шаралары қолданылады.

Салық кодексінің 686, 687-баптарына сәйкес салық төлеушінің немесе оның уәкілетті өкілінің мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары әрекетін (әрекетсіздігін) мемлекеттік кірістер органдарының жоғары тұрған органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығы бар.

Мемлекеттік органның басшысы

(басшының орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)
Хабарламаны _____

алдым.

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), қолы, мөрі, күні)

Хабарлама салық төлеушіге

(салық агентіне) _____ тапсырылды

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) _____ жіберілді

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
4-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық есептілігінің табыс етілмеуі туралы хабарлама

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____ № _____

(мемлекеттік органның атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 607-бабы 2-тармағы 4)
тармақшасына сәйкес Сізді

(салық төлеушінің тегі, аты,

әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе толық атауы, мекен-жайы)

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

(салық есептілігінің атауы және салық кезеңі)

салық есептілігін табыс етілмегені туралы хабардар етеді.

Осы хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде орындалмаған жағдайда, Сіздің банк шоттарыңыз бойынша шығыс операциялары тоқтата тұратын болады.

Салық кодексінің 686, 687-баптарына сәйкес салық төлеуші немесе оның уәкілетті өкілі жоғарыда көрсетілген хабарламамен келіспеген жағдайда мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары әрекетіне (әрекетсіздігіне) мемлекеттік кірістер органының жоғары тұрған органына немесе сотқа шағымдануына құқылы.

Мемлекеттік органның басшысы

(басшының орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны _____

алдым.

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі, күні)

Хабарлама салық төлеушіге _____ тапсырылды

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге _____ жіберілді

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2008 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 637 бұйрығына

5-қосымша

Нысан

Салық берешегін өтеу туралы хабарлама

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____ № _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 607, 609-617, 619–баптарына сәйкес

_____ (мемлекеттік органның атауы)

Сізді

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), толық атауы,

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), мекен жайы)

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем түрлерінің қимасында салық берешегі сомасының өтелмегенін хабарлайды:

1	_____ коды, (төлемнің атауы)	_____ (төлемнің сомасы)	_____ (өсімпұл сомасы)	_____ (айыппұл сомасы)
2	_____ коды, (төлемнің атауы)	_____ (төлемнің сомасы)	_____ (өсімпұл сомасы)	_____ (айыппұл сомасы)
3	_____ коды, (төлемнің атауы)	_____ (төлемнің сомасы)	_____ (өсімпұл сомасы)	_____ (айыппұл сомасы)
4	_____ коды, (төлемнің атауы)	_____ (төлемнің сомасы)	_____ (өсімпұл сомасы)	_____ (айыппұл сомасы)
5	_____ коды, (төлемнің атауы)	_____ (төлемнің сомасы)	_____ (өсімпұл сомасы)	_____ (айыппұл сомасы)

Салық берешегі өтелмеген жағдайда Сізге мынадай мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады:

1) осы хабарламаны табыс еткен күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

2) осы хабарламаны табыс еткен күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

3) осы хабарламаны табыс еткен күннен бастап он бес жұмыс күні өткен соң мүлікке билік етуін шектеу;

4) осы хабарламаны табыс еткен күннен бастап жиырма жұмыс күні өткен соң банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу;

5) дебиторларының банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу;

6) билік етуі шектелген мүліктен өндіріп алу;

7) жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару*.

Бюджетке төлеу күнін қоса алғанда, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдерді төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап, салық міндеттемесін орындаудың мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеледі.

Салық кодексінің 616-бабының 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей

(мемлекеттік органның атауы)

дебиторлық берешек сомаларын көрсете отырып, дебиторлар тізімін және бар болған жағдайда, дебитормен бірлесе отырып жасалған және дебиторлық берешек сомаларын растайтын өзара есеп айырысудың салыстырып тексеру актілерін табыс ету қажет.

Дебиторлар тізімі осы хабарламада көрсетілген мерзімде табыс етілмеген жағдайда, немесе дебиторлар жоқ туралы мәлімет ұсынған жағдайда мемлекеттік кірістер органы салық төлеушіге (салық агентіне) салық тексеруін жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының заңды талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жазаларға тарту шаралары қолданылады.

Салық кодексінің 686, 687-баптарына сәйкес салық төлеушінің немесе оның уәкілетті өкілінің мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары әрекетін (әрекетсіздігін) мемлекеттік кірістер органының жоғары тұрған органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығы бар.

Мемлекеттік органның басшысы

(басшының орынбасары) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны _____

алдым.

салық төлеушінің (салық агентінің)/салық төлеушінің (салық агентінің) лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі, күні)

Хабарлама салық төлеушіге

(салық агентіне) _____ тапсырылды.

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге

(салық агентіне) _____ жіберілді.

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Ескерту: *осы шара салық төлеушінің (салық агентінің) - жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамға қатысты қолданылады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2008 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 637 бұйрығына

6-қосымша

Нысан

Дебиторлардың банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу туралы хабарлама

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____ № _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 607 және 616-баптарына сәйкес

_____ (мемлекеттік органның атауы)

Сізді _____

— (салық төлеуші (салық агенті) дебиторының тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда) немесе толық

— атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі
(ЖСН/БСН), мекен-жайы)

— санмен және жазбамен көрсетілсін

теңге

сomasында Сіздің банк шоттарыңыздағы ақшадан салық төлеушінің (салық агентінің)

— (салық төлеушінің (салық агенті) атауы,

— ЖСН/БСН, мекен-жайы)

салық берешегін өтеу есебіне өндіріп алуды ақшаға айналдыру туралы хабардар етеді.

Осы хабарламаны алған сәттен бастап Сізге Салық кодексінің 616-бабының 3-тармағына сәйкес хабарламаны алу күніне салық төлеушімен бірлесе отырып жасасқан өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін

— (мемлекеттік органның атауы)

— жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей беру қажет.

Осы хабарламада көрсетілген мерзімде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі берілмеген жағдайда

— (мемлекеттік органның атауы)

Сізге салық тексеруін жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының заңды талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жазаларға тарту шаралары қолданылады.

Салық кодексінің 686, 687-баптарына сәйкес салық төлеушінің немесе оның уәкілетті өкілінің мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген тәртіппен мемлекеттік кірістер органының жоғары тұрған органына немесе сотқа шағымдануына құқығы бар.

Мемлекеттік органның басшысы

(басшының орынбасары) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны _____

алдым.

салық төлеуші (салық агенті) дебиторының/салық төлеушінің
(салық агентінің) лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), қолы, мөрі, күні)

Хабарлама салық төлеуші

(салық агенті) дебиторына _____ тапсырылды.

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеуші

(салық агенті) дебиторына _____ жіберілді.

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
7-қосымша

Нысан

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____ № _____

(мемлекеттік органның атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 587-бабына және 607-бабы
2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Сізді

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
немесе толық атауы,

жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

20__ жылдың "___" _____ салық есептілігі
(салық кезеңі мен салық есептілігінің атауы)

бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабардар етеді.

Салық кодексінің 587-бабының 2-тармағына сәйкес Сіз осы хабарламаны ол
табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде
орындауыңыз қажет.

Салық төлеушінің (салық агентінің) мына құжаттардың бірін:

1) анықталған бұзушылықтар жататын салық кезеңі үшін салық есептілігін,
2) Салық кодексінің 587-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келетін
анықталған бұзушылықтар бойынша түсініктемені,

3) осындай хабарламаны жіберу бойынша мемлекеттік кірістер
органдарының лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарды
ұсынуы осы хабарламаның орындалуы болып танылады.

Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда салық
төлеуші (салық агенті) мемлекеттік кірістер органдарына анықталған
бұзушылықтар жататын кезең үшін салық есептілігін ұсынады.

Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда салық
төлеуші (салық агенті) мынадай құжаттардың бірін ұсынады:

1) осы хабарламаны жіберген мемлекеттік кірістер органына - анықталған
бұзушылықтар бойынша қағаз немесе электрондық жеткізгіште түсініктеме;

2) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына - осы хабарламаны жіберу
бойынша мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне
(әрекетсіздігіне) шағым.

Осы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау Салық кодекстің 611-
бабына сәйкес салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын
тоқтата тұруға әкеп соғады.

Салық кодексінің 686-бабына сәйкес осы хабарламамен келіспеген жағдайда, салық төлеуші немесе оның уәкілетті өкілі мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) сотқа шағымдануға құқылы.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамалары бар қосымша ___ парақта.

Мемлекеттік органның басшысы
(басшының орынбасары)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)

Мөр орны

Хабарламаны алдым

_____ (салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), қолы, күні)

Мөр орны

Хабарлама салық төлеушіге Салық төлеушінің тегі, аты,

(салық агентіне) табыс етілді әкесінің аты (ол болған

_____ жағдайда) және немесе атауы

(мемлекеттік органның лауазымды _____

тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық Мекенжайы:

агентіне) жіберілді _____

_____ (жіберу және (немесе) алу
фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына 8-қосымша

Нысан

**Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе)
хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған
жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органының шешіміне салық
төлеушінің (салық агентінің) шағымын қараудың қорытындылары
туралы хабарлама**

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 645 (01.01.2016 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 607, 671 және 681-баптарына сәйкес

(мемлекеттік органның атауы)

(салық тексеруі нәтижелері туралы хабарламаны немесе хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған мемлекеттік

кірістер органының шешімін көрсету)

20__ жылғы " ____ " _____ шағымыңызды қарау нәтижелері бойынша

Сізді

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), заңды мекен-жайы)

шағым бойынша мынадай шешім қабылданғаны туралы хабардар етеді:

1. _____ үшін

(тексерілетін кезең)

шағымды қарау нәтижелерін ескере отырып, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың есептелген сомасы мынаны құрайды:

теңге

№ р/с	Бюджеттік сыныптау коды	Бюджеттік сыныптау кодының атауы	Т ө л е м , салық сомасы	Өсімпұл сомасы	Қорытынды сома
1	2	3	4	5	6
1					
2					

Барлығы				
---------	--	--	--	--

2. _____ үшін

,

(тексерілетін кезең)

шағымды қарау нәтижелерін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімпұлдардың есептелген сомасы мынаны құрайды: теңге

№ р/с	Бюджеттік сыныптау коды	Бюджеттік сыныптау кодының атауы	Т ө л е м , жарна, аударым сомасы	Өсімпұл сомасы
1	2	3	4	5
1				
2				
	Барлығы			

3. _____ үшін

,

(тексерілетін кезең)

шағымды қарау нәтижелерін ескере отырып, бюджетке төленуге жатпайтын кемітілген залал сомасы мынаны құрайды: теңге

(залал сомасы)

4. _____ үшін

,

(тексерілетін кезең)

шағымды қарау нәтижелерін ескере отырып, қайтарылуға расталмаған есептелген салық сомасынан қосылған құн салығының асып кету сомасы мынаны құрайды: теңге

Бюджеттік сыныптау коды	Бюджеттік сыныптау кодының атауы	Салық сомасы

5. _____ үшін

,

(тексерілетін кезең)

шағымды қарау нәтижелерін ескере отырып, бюджеттен қайтарылған және

қайтарылуға расталмаған қосылған құн салығының асып кету сомасы
мынаны құрайды:

теңге

Бюджеттік сыныптау коды	Бюджеттік сыныптау кодының атауы	Салық сомасы	Өсімпұл сомасы

6. _____ үшін

(тексерілетін кезең)

шағымды қарау нәтижелерін ескере отырып, бюджетке төленуге жатпайтын қайтарылуға расталмаған, резидент еместердің табыстарының төлем көзінен ұсталған корпоративтік (жеке) табыс салығының сомасы мынаны құрайды:

тенге

Бюджеттік сыныптау коды	Бюджеттік сыныптау кодының атауы	Салық сомасы

Салық кодексінің 608-бабына сәйкес Сізге _____
мөлшеріндегі салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті
төлемдер және өсімпұл сомасын

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

БСН _____ № _____

шотына

(мемлекеттік кірістер органының)

_____ (Қазынашылық басқармасы, БСК)

және де _____

мөлшеріндегі

міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімпұл сомасын "Мемлекеттік зейнетақы төлеу бойынша центр" Республикасық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға аударуыңыз қажет.

Салық төлеушінің (салық агентінің) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіппен салықтық тексеруі нәтижелеріне шағым жасауға құқығы бар.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы

(басшының орынбасары) _____

—
(тегі және аты-жөні, қолы, мөрі)

Хабарламаны _____

алдым

(салық төлеушінің (салық агентінің) Т.А.Ә., қолы, мөрі, күні)

Хабарламаны салық төлеушіге (салық агентіне) _____

тапсырды

(мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасының Т.А.Ә. қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) _____

жіберілді

(жіберу (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
9-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____ № _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 607-бабына сәйкес

—
(мемлекеттік органның атауы)

Сізді, _____

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты

(болған кезде), толық атауы,

—,

жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН),
мекен-жайы)

жол берілген салық заңнамасының бұзушылықтары туралы хабарлайды:

(бұзушылық мәні)

Салық кодексінің 608-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге жіберілген бұзушылықтарды осы хабарлама ұсынылған күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жою қажет.

Олар жойылмаған жағдайда салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапқа тартылады.

Салық кодексінің 686, 687-бабтарына сәйкес салық төлеушінің немесе оның уәкілетті өкілінің мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген тәртіппен мемлекеттік кірістер органдарының жоғары тұрған органына немесе сотқа шағымдануына құқығы бар.

Мемлекеттік органның басшысы
(басшының орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны _____

алдым.

салық төлеушінің (салық агентінің)/салық төлеушінің (салық агентінің) лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), қолы, мөрі, күні)

Хабарлама салық төлеушіге

(салық агентіне) _____ табыс етілді

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге

(салық агентіне) _____ жіберілді.

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
10-қосымша

Нысан

Салық төлеушінің орналасқан жерін (жоқтығын) растау туралы хабарлама

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____ № _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 558, 569, 571, 607, 611-баптарына сәйкес

_____ (мемлекеттік органның атауы)

Сізге, _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), атауы, ЖСН/БСН,

_____ мекен-жайы)

" __ " _____ 20__ жылы өткізілген салықтық тексеру нәтижелері бойынша тіркеу мәліметтерінде көрсетілген орналасқан жеріңіз бойынша Сіздің болмағандығыңыз анықталғанын хабарлайды.

Осыған байланысты, Сіз хабарлама жіберілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінің ішінде келу тәртібінде мемлекеттік кірістер органына жазбаша түрде тексеру кезінде болмау себептеріңіз туралы түсініктеме беруге міндеттісіз.

Осы талаптарды орындамаған жағдайда, Сізге қатысты Салық кодексімен белгіленген мынадай әрекеттер іске асырылады:

- 1) банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- 2) мемлекеттік кірістер органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару.

Бұдан басқа, мемлекеттік кірістер органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған салық төлеушіге егер мемлекеттік кірістер органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылғанына екі жыл өтпесе, өз еркімен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұруға бас тартылатылатынын айта кетеміз.

Салық кодексінің 686-бабына сәйкес салық төлеуші немесе оның уәкілетті өкілі мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетін (әрекетсіздігін) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа шағымдануға құқығы бар.

Мемлекеттік органның басшысы

(басшының орынбасары) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарлама алды _____

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің)/салық төлеушінің
(салық агентінің) лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда), атауы, қолы, мөрі, күні)

Хабарлама салық төлеушіге

(салық агентіне) тапсырылды _____

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының, қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге

(салық агентіне) жіберілді _____

(жіберу және (немесе) алу фактісі туралы растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
11-қосымша

Нысан

20__ жылғы "___" _____ № _____

Салық есептілігін кері қайтарып алу туралы хабарландыру

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Салықтық өтінішіне сәйкес (мемлекеттік кірістер органының шешіміне) 20__ жылғы "___" _____ № _____ салық есептілігін кері қайтарып алу туралы _____

_____ (салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),
немесе атауы)

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН) _____

_____ (салық есептілігінің коды, түрі мен салық кезеңінің нөмірі)

_____ тіркеу нөмірімен _____

(салық есептілігінің 18 мәнді тіркеу нөмірі)

себебі бойынша _____

—

—

_____ өндеу нәтижесін
хабарлаймыз

—

(кері қайтарылды, кері қайтару жүргізілген жоқ)
кері қайтарылған қосымша нысандар туралы мәліметтер (бастапқы, кезекті,
тарату кері қайтарылған кезде)

—

(тіркеу нөмірілер)

—

—

—

_____ кері қайтаруға бас тарту себебі

—

(егер кері қайтару жүргізілмеген болса, толтырылуға жатады)
түзетпе жасау туралы мәліметтер _____
(түзетпе жасау өңделген кезде толтырылады)

—

—

—

Мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының (қолы)
тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), _____ мөр

орны

(мемлекеттік органның атауы)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
12-қосымша

Нысан

Салық төлеушінің (салық агентінің) тегі,

аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
немесе толық атауы

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-
сәйкестендіру нөмірі ЖСН/БСН

Тұрғылықты жерінің немесе орналасқан
жерінің мекен-жайы

Салықтық тексеру жүргізу туралы хабарландыру

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____ № _____

(мемлекеттік органның атауы, БСН)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 631-бабына сәйкес Сізді мыналар жөнінде:

1) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша салық міндеттемесінің орындалуы, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын толық және уақтылы есептеу, ұстап қалу және аудару және әлеуметтік аударымдарды толық және уақтылы есептеу және төлеу мәселелері бойынша жоспарлы кешенді тексеру жүргізілетіні туралы;

2) мынадай:

салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері бойынша салық міндеттемесінің орындалуы;

міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының толық және уақтылы есептеу, ұстап қалу және аудару, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарды толық және уақтылы есептеу және төлеу;

банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Салық кодексінде, сондай-ақ "Міндетті әлеуметтік сақтандыру

туралы" және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген міндеттерді орындауы;

трансферттік баға белгілеу;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу;

соттың заңды күшіне енген үкімінің немесе қаулысының негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасалған операциялары бойынша салық міндеттемесін айқындау;

жасалуы сотпен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жүзеге асырылған деп танылған мәміле (мәмілелер) бойынша салық міндеттемесін айқындау;

салық төлеушілер (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау;

халықаралық шарттардың (келісімдердің) ережелерін қолдану заңдылығы;

қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының сомаларының дұрыстығын растау;

резидент еместің салықтық өтініші және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт негізінде бюджеттен төленген табыс салығын немесе шартты банктік салымды қайтару;

Салық кодексінің 608-бабында белгіленген тәртіпте камералды бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы мемлекеттік кірістер органдарының хабарламасын салық төлеушінің (салық агентінің) орындамауы мәселелері бойынша жоспарлы тақырыптық тексеру жүргізілетіні туралы хабарлайды.

Салық тексеруін жүргізу үшін Сіз мынадай құжаттарды: бухгалтерлік құжаттамаларды, салық нысандарын, салықтық есепке алу саясатын, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемелерін есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттарды беруіңіз қажет.

Салық тексеруін жүргізу кезінде Сіз Салық кодексінде көзделген құқықтарға иесіз және салық төлеушінің (салық агентінің) міндеттерін орындауға міндеттісіз

Сондай-ақ Сіз Салық кодексінің 686-бабына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Мөр орны

Мемлекеттік органның басшысы

(басшының орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарландыруды _____

алдым

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда), қолы, мөрі, күні)

Хабарландыру салық төлеушіге

(салық агентіне) _____ тапсырылды.

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің

аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарландыру салық төлеушіге

(салық агентіне) _____ жіберілді.

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Ескерту:

салық төлеушіні (салық агентін) жоспарлы кешенді және (немесе) жоспарлы тақырыптық тексеру жүргізу туралы хабарландыру кезінде торкөзде тиісті тексеру жүргізу мәселесі белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 637 бұйрығына
13-қосымша

Нысан

Мемлекеттік органның атауы

Бюджеттен қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының

дұрыстығын растау бойынша 20__ жылғы "___" _____

№ _____ салықтық тексеру актісіне

20__ жылғы "___" _____ № ___ қорытынды

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.12.2014 № 573 (01.01.2015 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Салық төлеушінің атауы	
Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ (ЖСН/БСН)	
Қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің сериясы және нөмірі	
Қайтару туралы талапты көрсете отырып, ҚҚС бойынша декларацияны тапсыру күні	

Салық кезеңі	20__ жылғы " __ " _____ 20__ жылғы " __ " _____ бойынша
ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген талап бойынша көрсетілген ҚҚС сомасы	
салық тексеру(лер)інің акті(лер)ісі және қорытынды(лар)ға сәйкес қайтарылуы тиіс ҚҚС сомасы	
Салықты тексерудің актісімен растамаған, оның ішінде:	
өнім берушімен өзара есеп айырысулардың дұрыстығын растау үшін қарсы тексерулер жүргізуге сауал салуға жауаптар алынбаған	
бұрын жіберілген сауал салу бойынша мемлекеттік кірістер органы алған жауаптар негізінде мониторингке жататын, ірі салық төлеуші бойынша қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығы расталмаған	

20__ жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша

Салық тексеруін аяқтағаннан кейін қайтармаудың себебін жоюды растайтын құжаттар:

(теңге)

